


ONTUSTIK-KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Отбасылық медицина» Білім беру бағдарламасы «Отбасылық медицина»	044-69/11 1 стр. из 18 стр.

**«ОҢТҮСТІК – ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ**



**SOUTH KAZAKHSTAN  
 MEDICAL  
 ACADEMY**

**РЕЗИДЕНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7R01138 «ОТБАСЫЛЫҚ МЕДИЦИНА»**

Шымкент 2022

«Отбасылық медицина» резидентурасының білім беру бағдарламасы Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 бұйрығы және барлық мүдделі тараптар ұсыныстары негізінде құрастырылған.

Қызметі	Аты-жөні	Қолы
<b>Құрастырылған</b>		
Отбасылық медицина кафедрасының ПОҚ		
Кафедра менгерушісі, қауым профессор, м.ғ.к.	Қауызбай Ж.Ә.	
Денсаулық сақтау магистрі, кафедра ассистенті	Салхожаева К.К.	
Практикалық денсаулық сақтау өкілі	Молдыбаева А.К.	
№13 ҚЕ бас дәрігері	Бегимкулова А.	
«Отбасы медицинасы» ББ резиденті		
Кафедра отырысының хаттамасы		
Хаттама № 11 «04» « 08 » 2022 ж.		
Резидентура ББК отырысында талқыланды		
ББК председателі	Қауызбай Ж.Ә.	
Хаттама № 5а «06» « 08 » 2022 ж.		
Клиникалық кеңесте мақұлданды		
Клиникалық кеңес председателі	Қауызбай Ж.Ә.	
Хаттама № 5а «08» « 07 » 2021 ж.		
ОҚМА АҚ бірінші проректорымен келісілді,		
ОҚМА АҚ бірінші проректоры	Есиркепов М.М.	
Хаттама № «08» « 08 » 2022 ж.		
Ғылыми кеңесте бекітілді		
Хаттама № 12 «08» « 08 » 2022 ж.		

**Білім беру бағдарламасының паспорты**

1. **Білім беру миссиясы:** Бәсекеге қабілетті отбасылық медицина дәрігерлерін дайындауда танымал көшбасшы болу.
2. **Білім беру бағдарламасының мақсаты:** амбулаториялық жағдайда балалар мен ересектерге дәлелді медицина принциптеріне сәйкес диагностикалық, емдік, реабилитациялық және профилактикалық шараларды өзбетінше жүргізу үшін білімі, біліктілігі және практикалық дағдылары көлемі заманауи талаптарға жауап беретін отбасылық дәрігер дайындау.
3. **Білім беру бағдарламасының міндеттері:**  
 Өзінің кәсіби міндеттерін табысты шешуге қабілетті дәрігердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын негізгі, фундаментальді медициналық білімін терең және кең көлемде қалыптастыру  
 Ішкі аурулар патологиялары бойынша жақсы бағдардағы, клиникалық тұрғыдан ойлайтын және аралас пәндерден терең білімі бар дәрігер-маманды кәсіби дайындауды қалыптастыру және жетілдіру  
 Дифференциальді-диагностикалық іздену жүргізіп, толық көлемде медициналық көмек көрсете алатын, өзбетінше кәсіби емдік-диагностикалық қызметке маман дайындау.

**Жалпы мәліметтер**

№	ББ сипаттамасы	Мәліметтер
1	Тіркеу саны	7R09100105
2	Оқу аймағының кодымен жіктелуі	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
3	Дайындау бағытының кодымен жіктелуі	7R011 Денсаулық сақтау
4	Оқу білім бағдарламасының тобы	Отбасы медицинасы
5	Оқу білім бағдарламасының аттары	Отбасы медицинасы (резидентура)
6	ОББ түрлері	Жаңартылған БББ;
7	МСКО бойынша деңгейі	7
8	НРК бойынша деңгейі	7
9	ОРК бойынша деңгейі	7
10	ОББ негізгі ерекшеліктері	жоқ



	ЖОО-ның серіктестері (СОП)	жоқ
	ЖОО-ның серіктестері (ДДОП)	жоқ
11	Құзіреттілік тізімі	<p>КК1. Науқасты курациялау: клиникалық диагнозды тұжырымдау, емдеу жоспарын тағайындау және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетудегі дәлелді медицина негізінде оның тиімділігін бағалау.</p> <p>КК2. Коммуникация и коллаборация: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін науқаспен, оның қоршаған ортасымен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара әрекеттесу</p> <p>КК3. Кәсібилік: тәуекелдерді бағалау және жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдану</p> <p>КК4. Қоғамдық денсаулық сақтау: өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құрылымдық және ұйымдық шеңберінде әрекет етеді, төтенше жағдайларда негізгі медициналық көмек көрсетеді, ұлт денсаулығын жақсарту саясатын іске асыру үшін кәсіби аралық ұжымдар құрамында жұмыс істейді</p> <p>КК5. Зерттеу: адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыру, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалау, күнделікті қызметте халықаралық мәліметтер базасын тиімді пайдалану, зерттеу тобының жұмысына қатысу.</p> <p>КК6. Оқыту және дамыту: өз бетінше білім алу және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқыту, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысу.</p>
12	Оқытудың нәтижелері	<p>ОН1 клиникалық диагнозды құрастыруға, дәлелдемелі медицина негізінде жасы, жынысы, проблемаларын ескере отырып емдік-профилактикалық жоспар тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.</p> <p>ОН2 науқастармен, олардың отбасы және қоғамдық мүшелерімен, біріншілік деңгейде қызмет ететін басқа да мамандармен (әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және басқа БМСК мекемелерінің қызметкерлерімен) науқастың</p>

		<p>жоғарғы нәтижеге қол жеткізуі мақсатында тиімді қарым-қатынас құруға қабілетті.</p> <p>ОН3 диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды жүргізу бойынша медициналық көмек көрсетудің жоғарғы деңгейдегі сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдануға және олардың қауіпін бағалауға қабілетті.</p> <p>ОН4 біріншілік медициналық санитарлық көмек жүйесінде диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды, төтенше жағдайларда негізгі және кеңейтілген көмек көрсетуді, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін мамандараралық командалар құрамындағы жұмыстарды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құздықтық және ұйымдастыру аймағы аясында жүргізуге қабілетті.</p> <p>ОН5 тиімді зерттеу мақсаттары мен міндеттерін құрастыруға, отбасылық медицинаға қатысты арнайы әдебиеттерді критикалық тұрғыда бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер қорын тиімді қолдануға, зерттеу командаларының жұмыстарына қатысуға қабілетті.</p> <p>ОН6 отбасылық медицина бойынша өз бетінше білімін жетілдіруге және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да кәсіби дамудың үздіксіз түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.</p>
13	Оқытудың түрі	<i>Күндізгі</i>
14	Оқытудың тілі	<i>Орысша және қазақша</i>
15	Кредит көлемі	Барлығы 140 кредит Оның ішінде: 1. Теориялық оқыту – 138 кредит 3. Қорытынды аттестация – 2 кредит
16	Тағайындалатын академиялық дәрежесі/ Берілетін біліктілік	Отбасылық медицина дәрігері
17	Кадрларды дайындау үшін лицензияға өтініштің болуы	KZ36LAA000 11387
18	Оқытудың түрі	<i>Күндізгі</i>
19	ОББ-да аккредитацияның болуы	Бар
	Аккредитациялық ұйымның атауы	АРТА
	Аккредитацияның уақыт	№ АВ3988 10.06.2022г.-09.06.2027ж.



	мерзімі	
20	Пәндер бойынша ақпарат	Қосымша 1.2

Қосымша 1.1

Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерін жалпы құралған  
құзыреттермен салыстыруға арналған матрица


	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
КК1	+		+	+		
КК2		+		+		+
КК3	+		+	+		
КК4		+		+		
КК5					+	+
КК6		+				+

Қосымша 1.2

Құзыреттілікке қол жеткізу матрицасы/оқыту нәтижесіне

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл	Компонент	Кредит саны	Қалыптастырылған оқыту нәтижесі (кодтары)
<b>Бейіндеуші пәндер</b>						
1	Отбасылық медицина/	ҚР халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыру. Интеграцияланған медициналық ақпараттық жүйе (КМАЖ). МӘМС жағдайындағы жаңа тарифтік саясат және баға белгілеу. Алғашқы профилактикадағы отбасылық дәрігердің алдын-алу қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер. Скринингтік диагностика.	БнП	МК	24	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6





		Екіншілік алдын-алу (АББ, ӘППМ). Науқастың денсаулық жағдайын және әртүрлі аурулары кезінде кәсіби жарамдылығын бағалаудың кешенді әдістемесі. Уақытша еңбекке жарамсыздық және алғашқы мүтедектіктің себептері. Науқастарға бағытталған кеңес берудің жалпы принциптері.				
<b>Отбасылық дәрігер практикасындағы ішкі аурулар</b>					28	
2	Ішкі аурулар/	Аурулардың диагностикасы мен емінің клиникалық хаттамаларына сәйкес және дәлелді медицина тұрғысынан ересектерде жиі кездесетін, қиын диагностикаланатын, сонымен қатар сирек кездесетін аурулардың диагностикасы, дифференциалды диагностикасы, емі, науқастарды динамикалық бақылау және реабилитациясы. Жедел көмекті қажет ететін жағдайлардағы ауруханаға дейінгі кезеңдегі дәрігер тактикасы. Науқастың еңбекке қабілеттілігіне сараптама жүргізу.	БнП	МК	22	ОН1 ОН3
3	Ересектер инфекциялық аурулары/	Емхана жағдайындағы жұқпалы аурулар синдромын: диарея, лимфоаденопатия, анка зақымдануы, экзантема, қызба, сарғаю, менингеалды синдром және т.б. ерте диагностикалау және саралау диагностикасы алгоритмі. Ауруханаға дейінгі кезеңде науқастарды жүргізу тактикасы. Шұғыл көмек. Диагностика, емдеу және эпидемияға қарсы іс-шаралар клиникалық хаттамалары. АИТВ-инфекциясы, ЖИТС-ассоциацияланған ауруларды міндетті тексеру әдістері. Жұқпалы ауруларды реабилитациялау, диспансерлеу.	БнП	МК	6	ОН1 ОН2 ОН3
<b>Отбасылық дәрігер практикасындағы хирургиялық</b>					12	

аурулар						
4	Амбулаторлы хирургия/	Жедел хирургиялық патологиялар мен құрсақ қуысының жарақаттарын, жұмсақ тіндер мен қолдың іріңді-қабыну ауруларын, тік ішек және тамыр ауруларын диагностикалау әдістері, дифференциалды диагностика. Амбулаторлық-емханалық көмек деңгейінде халыққа білікті хирургиялық көмек көрсету көлемі.	БнП	МК	4	ОН3 ОН5
5	Амбулаторлы травматология/	Амбулаторлық жағдайда травматологиялық көмекті ұйымдастыру. Диагностиканың заманауи инновациялық әдістері, дифференциалды диагностика, жоғарғы және төменгі аяқ-қол сүйектері мен буындарының, кеуде қуысы мен жамбас сүйектерінің зақымдануы кезінде, сүйектер мен буындардың дегенеративті-дистрофиялық және қабыну аурулары кезінде, сүйек пен буындардың қатерсіз және қатерлі ісіктері кезінде амбулаторлық жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.	БнП	МК	2	ОН3 ОН4
6	Амбулаторлы оториноларингология/	Лор-ағзалардың патологиясы бар наукастарға, амбулаторлық - емханалық жағдайларда дәлелді медицинаның қазіргі заманғы қағидаттарына сәйкес көмек көрсету. Іріңді-қабыну аурулары мен мұрын, жұтқыншақ, көмей және құлақ жарақаттары кезіндегі диагностиканың заманауи инновациялық әдістері және дифференциалды диагностикасы.	БнП	МК	4	ОН1 ОН2 ОН4
7	Амбулаторлы офтальмология /	Көз аурулары, жас ағзаларының патологиясы, көздің конъюнктивасы мен тамырлы қабығының патологиясы, мөлдір қабық ауруы, торқабық және шыны тәрізді дене патологиясы, көз бұршағы және көз	БнП	МК	2	ОН1 ОН2 ОН4



		қозғалтқышы аппаратының патологиясы, көру ағзасының жарақаттары диагностикасының заманауи инновациялық әдістері және дифференциалды диагностикасы. Көз патологиясы бар тұрғындарға медициналық-емханалық көмек көрсету.				
	<b>Отбасылық дәрігер денсаулығы</b>	<b>тәжірибесіндегі әйел мен бала</b>			38	
8	Амбулаторлы акушерия және гинекология/	Амбулаториялық-емханалық көмек (АЕК) деңгейінде жүкті, босанатын, босанған әйелдерге және гинекологиялық науқастарға акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Клиникалық хаттамаларға және Қазақстан Республикасындағы акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес АЕК деңгейінде акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету.	БнП	МК	10	ОН1 ОН2 ОН3
9	Амбулаторлы педиатрия/	Аурулардың диагностикасы мен емнің клиникалық хаттамаларына сәйкес және дәлелді медицина тұрғысынан жаңа туылған нәрестелерде, ерте жастағы, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларда және жасөспірімдерде жиі және сирек кездесетін, қиын диагностикаланатын аурулардың диагностикасы, дифференциалды диагностикасы, емі, динамикалық бақылауы және реабилитациясы. Шұғыл көмекті қажет ететін жағдайлардағы ауруханаға дейінгі кезеңдегі дәрігер тактикасы.	БнП	МК	20	ОН1 ОН2
10	Балалар инфекциялық аурулары/	Емхана жағдайында балалардағы жұқпалы аурулар синдромын: диарея, тыныс жолдары зақымдануы, анқа зақымдануы, экзантема, қызба, сарғаю, менингеалды синдром және т.б. ерте диагностикалау және	БнП	МК	8	ОН1 ОН2 ОН4

		саралау диагностикасы алгоритмі. Ауруханаға дейінгі кезеңде науқастарды жүргізу тактикасы. Шұғыл көмек. Диагностика, емдеу және эпидемияға қарсы іс-шаралар клиникалық хаттамалары. Балалардың жұқпалы ауруларындағы реабилитациялау, диспансерлеу. Вакцинопрофилактика.				
Отбасылық дәрігердің кешенді тәжірибесі					18	
11	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі неврология сұрақтары/	Ересектер мен балаларды неврологиялық тексеру. Бас және жұлын миының созылмалы тамыр ауруларын, перифериялық нерв жүйесінің ауруларын, нерв жүйесінің жұқпалы, тұқым қуалайтын ауруларын, вертеброгенді, вегетативті бұзылуларды, эпилепсияны және жүйке жүйесінің жарақаттан кейінгі эпилептиформды синдромын, ересектер мен балалардағы бас және жұлын миының ісіктерін диагностикалау, айырмашылық диагностикасы, емдеу. Инсульттердің диагностикасы және айырмашылық емес терапиясы.	БнП	МК	4	ОН1 ОН2 ОН3
12	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі психикалық денсаулық сұрақтары /	Деменцияның, делирий, амнестикалық, невротикалық, соматоформалық бұзылулардың, мінез-құлықтық синдромдар, жарақаттан кейінгі стрестік бұзылулар, психогенді (реактивті) психоздар, жарақаттан кейінгі стрестік синдромдардың диагностикасы және дифференциалды диагностикасы. Есірткі заттары мен алкогольді пайдалану нәтижесіндегі бұзылулар. Шизофрения және сандырақ бұзылулар. Балалар жасындағы психикалық бұзылулар.	БнП	МК	4	ОН2 ОН3

13	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі дерматология және венерология сұрақтары /	Дерматологиялық және тері ауруларының ерте және дифференциалды диагностикасының алгоритмі: қышу дерматоздары, терінің іріңді аурулары (пиодермиялар), терінің саңырауқұлақ аурулары (микоздар), папулезді дерматоздар және венерологиялық аурулар. Ауруханаға дейінгі кезеңде науқастарды жүргізу тактикасы. Диагностикалық және емдік іс-шаралардың клиникалық хаттамасы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар кезіндегі міндетті тексеру әдістері. Венерологиялық науқастарды диспансерлеу.	БнП	МК	2	ОН1 ОН2
14	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі фтизиатрия сұрақтары /	Туберкулезге қатысты сұрақтар бойынша адвокация, коммуникация және әлеуметтік мобилизация жүргізу. Профилактикалық шараларды жүзеге асыру. Флюорографиялық скрининг және қауіп топтар арасында туберкулиндік диагностика жүргізу. Өкпелік және өкпеден тыс туберкулез диагностикасының алгоритмі және дифференциалды диагностикасы. Ауруханаға жіберілетін науқастарды анықтау. Амбулаторлық жағдайдағы бақылауға алынатын емдеу әдістері. Туберкулезбен науқасты динамикалық бақылау. Диспансерлік бақылау. Эпидемиологиялық тексеру жүргізу.	БнП	МК	4	ОН2 ОН3 ОН4
15	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі онкология сұрақтары /	Амбулаториялық-емханалық көмек деңгейінде онкологиялық көмекті ұйымдастыру. Тері обыры, қалқанша және сүт бездері, сүйек және жұмсақ тіндер, ас қорыту жолдары, биллиарлы аймақ, өкпе, бүйрек, эндометрия және жатыр қосалқылары ауруларын диагностикалаудың заманауи инновациялық әдістері,	БнП	МК	4	ОН2 ОН3



		дифференциалды диагностикасы және жүргізу принциптері. Онкологиялық аурудың асқынуы кезінде науқасқа көмек көрсету.				
16	Төтенше жағдайдағы медицина	Пән, мақсаты, төтенше жағдайдағы көмектің негізгі принциптері, көлемі мен нормативтік-құқықтық актілері. Шұғыл жағдайларды диагностикалау және медициналық сараптау әдістері. Терапиялық, хирургиялық, жарақаттық, урологиялық, акушерлік және гинекологиялық, неврологиялық, психиатриялық тәжірибедегі және жұқпалы аурулар тәжірибесіндегі шұғыл көмек. Ауруханаға дейінгі кезеңде жазатайым оқиғалар және төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл көмек.	БнП	МК	12	ОН 3 ОН 4
17	Паллиативті медицина	Қазақстан Республикасында паллиативті көмекті ұйымдастыру. Паллиативті медициналық көмектің психологиялық, әлеуметтік және рухани аспектілері. Науқасты күту кезінде отбасына қолдау көрсету. Созылмалы ауырсынуды диагностикалау және емдеу. Онкологиялық және онкологиялық емес аурулар кезіндегі паллиативті медициналық көмек. Медицина қызметкерлерінің, әлеуметтік қызметкерлердің, туыстары мен пациенттердің қарым-қатынасы.	БнП	МК	2	ОН1 ОН2
18	Диетология	Науқастардың тамақтану статусын бағалаудың заманауи әдістері. Алиментарлық тәуелді аурулар және күйлер. Жүрек-қан тамырлар аурулары кезіндегі нутритивтік-метаболикалық коррекция. Ас қорыту органдары және қан жүйесі ауруларының комплексті емі мен профилактикасындағы алиментарлық факторлар. Балалардың және жүкті әйелдердің тамақтану	БнП	ТК	2	ОН1 ОН3



		ерекшеліктері. Аллергоздар, несеп шығару жүйесі, тірек-қимыл аппаратының ауруларының патогенетикалық диетотерапиясы. Эндокриндік бұзылыстар кезіндегі емдік тамақтандыру.				
19	Отбасылық дәрігер практикасында ағы тиімді фармакологиялық терапия	Науқастың жеке ерекшеліктерін ескере отырып дәрілерді тиімді таңдаудың ғылыми негізделген принциптері. Дәрілердің терапиялық нәтижелілігін және қауіпсіздігін бағалау әдістерінің кешені. Дәрілік заттардың өзара әрекеттесулері. Полипрагмазия. Полипрагмазияның алдын алудың негізгі әдістері. Ішкі аурулары бар науқастардың ятрогенді дәрілік тәуелділігі. Коморбидтік күйлер кезіндегі тиімді фармакотерапия. Жекешеленген медицина концепциясы. Фармакогенетика. Персонализацияланған терапия.	БнП	ТК		ОН3 ОН5
20	Тиісті клиникалық тәжірибе	Тиісті клиникалық тәжірибенің стандарттары мен принциптері. Зерттеудің негіздемесі мен дизайны. Зерттеу объектілерінің құқықтары, қауіпсіздігі және әл-ауқаты. Зерттеу субъектілерінің ақпараттандырылған келісімі. Зерттеушінің біліктілігі мен міндеттері. Клиникалық зерттеу хаттамасы. Клиникалық сынақтың негізгі құжаттарының тізімі. Клиникалық зерттеулерде қауіпсіздік туралы ақпарат беру тәртібі. Клиникалық зерттеу есебінің құрылымы мен мазмұны	БнП	ТК	2	ОН4 ОН5
21	Отбасылық дәрігер практикасында ағы сәулелік диагностика	Отбасылық дәрігер практикасындағы сәулелік диагностиканың жалпы мәселелері. Терапиялық жиі кездесетін патологиялардағы ультрадыбыстық, рентгендік және КТ зерттеу. Өкпенің, жүрек және қан тамырлары ауруларының сәулелік	БнП	ТК		ОН1 ОН3

		диагностикасы. Асқазан-ішек жолдары мен іш қуысы ауруларының сәулелік диагностикасы. Қалқанша без, бауыр, ұйқы безі, өт жолдары және зәр шығару жүйесі ауруларының ультрадыбыстық диагностикасы.				
	<b>Барлығы</b>				<b>138</b>	
	<b>Қорытынды аттестация</b>				<b>2</b>	
	<b>Жалпы</b>				<b>140</b>	

**Оқытудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, ОН-не қол жеткізу матрицасы**

ОН (коды)	Оқыту және білім беру әдістері
ОН1 клиникалық диагнозды құрастыруға, дәлелдемелі медицина негізінде жасы, жынысы, проблемаларын ескере отырып емдік-профилактикалық жоспар тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.	1. ЖТД бөлімінде және мамандандырылған кабинеттерде жұмыс істеу 2. Консилиумға қатысу 3. Кезекшілік
ОН2 науқастармен, олардың отбасы және қоғамдық мүшелерімен, біріншілік деңгейде қызмет ететін басқа да мамандармен (әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және басқа БМСК мекемелерінің қызметкерлерімен) науқастың жоғарғы нәтижеге қол жеткізуі мақсатында тиімді қарым-қатынас құруға қабілетті.	1. Дөңгелек стөл 2. Консилиум 3. Дискуссия
ОН3 диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды жүргізу бойынша медициналық көмек көрсетудің жоғарғы деңгейдегі сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдануға және олардың қаупін бағалауға қабілетті.	1. Ауызша сұрау 2. Дискуссия 3. Клиникалық жағдайларды талдау
ОН4 біріншілік медициналық санитарлық көмек жүйесінде диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды, төтенше жағдайларда негізгі және кеңейтілген көмек көрсетуді, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін мамандараралық командалар құрамындағы жұмыстарды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру аймағы аясында жүргізуге қабілетті.	1. Ауызша сұрау 2. Клиникалық хаттамаларды талдау 3. 3. Бұйрықтармен және құжаттамамен жұмыс.
ОН5 тиімді зерттеу мақсаттары мен міндеттерін құрастыруға, отбасылық медицинаға қатысты арнайы	1. Ғылыми мақалаларға шолу жасау 2. «Журнал клубы»



өдебиеттерді критикалық тұрғыда бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер қорын тиімді қолдануға, зерттеу командаларының жұмыстарына қатысуға қабілетті.	3. Тезистер мен мақалалар жазу 4. Көпшілік алдында сөз сойлеу
ОН6 отбасылық медицина бойынша өз бетінше білімін жетілдіруге және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да кәсіби дамудың үздіксіз түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.	1. 1. Электрондық тасымалдағыштармен және ақпараттық технологиялармен жұмыс 2. 2. Портфолионы қалыптастыру 3. 3. Халықаралық және республикалық вебинарларға, тақырыптық конференцияларға қатысу

### ОН-нің бағалау әдістеріне сәйкестік матрицасы

ОН (коды)	Бағалау әдістері
ОН1 клиникалық диагнозды құрастыруға, дәлелдемелі медицина негізінде жасы, жынысы, проблемаларын ескере отырып емдік-профилактикалық жоспар тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.	1. 360-бағалау, тәлімгердің, пациенттің, медициналық қызметкерлердің бағалауы (чек парағы) 2. Портфолионы бағалауға арналған чек парағы 3. Кезекшілікті тексеру чек парағы
ОН2 науқастармен, олардың отбасы және қоғамдық мүшелерімен, біріншілік деңгейде қызмет ететін басқа да мамандармен (әлеуметтік қызметкерлер, психологтар және басқа БМСК мекемелерінің қызметкерлерімен) науқастың жоғарғы нәтижеге қол жеткізуі мақсатында тиімді қарым-қатынас құруға қабілетті.	1. 360-бағалау, тәлімгердің, пациенттің, медициналық қызметкерлердің бағалауы (чек парағы)
ОН3 диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды жүргізу бойынша медициналық көмек көрсетудің жоғарғы деңгейдегі сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдануға және олардың қаупін бағалауға қабілетті.	1. Ауызша талқылауларды бағалауға арналған чек парағы 2. 2. Клиникалық жағдайларды бағалауға арналған чек парағы
ОН4 біріншілік медициналық санитарлық көмек жүйесінде диагностикалауды, емдік – профилактикалық шараларды, төтенше жағдайларда негізгі және кеңейтілген көмек көрсетуді, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін мамандараралық	1. Ауызша талқылауларды бағалауға арналған чек парағы

командалар құрамындағы жұмыстарды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру аймағы аясында жүргізуге қабілетті.	
ОН5 тиімді зерттеу мақсаттары мен міндеттерін құрастыруға, отбасылық медицинаға қатысты арнайы әдебиеттерді критикалық тұрғыда бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер қорын тиімді қолдануға, зерттеу командаларының жұмыстарына қатысуға қабілетті.	1. Ғылыми мақалаларға рецензияны бағалауға арналған чек парағы 2. Басылымдар
ОН6 отбасылық медицина бойынша өз бетінше білімін жетілдіруге және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, дискуссияларға, конференцияларға және басқа да кәсіби дамудың үздіксіз түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.	1. Портфолионы бағалауға арналған чек парағы 2. Ғылыми мақалаларға рецензияны бағалауға арналған чек парағы

**7R01138 «Отбасылық медицина» білім беру бағдарламасының резиденттеріне арналған  
 2022–2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары/  
 Квалификация: "отбасылық медицина дәрігері"/ Оқу мерзімі - 2 жыл**

Пәндер циклі /	Пән коды /	Пәндердің / модульдердің атауы /	Кредит саны /	Жалпы сағат /	Аудиториялық /	РӨЖ /		1 оқу жылы /	2 оқу жылы /	Бақылау түрі /	КА /	
						СРРН	РӨЖ					
БП /		<b>БЕЙНІДІК ПӘНДЕР ЦИКЛІ /</b>	<b>138</b>	<b>4140</b>								
БП / МК /		<b>Міндетті компоненті /</b>	<b>134</b>	<b>4020</b>								
	R-SM	Отбасылық медицина	24	720	144	504	72	24		Емтихан /		
	R-HrSv	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі хирургиялық аурулар	12	360	72	252	36	12				
		R-AN	Амбулаторлық хирургия	4	120	24	84	12	4		Емтихан /	
		R-AT	Амбулаторлық травматология	2	60	12	42	6	2		Емтихан /	
		R-AOL	Амбулаторлық оториноларингология	4	120	24	84	12	4		Емтихан /	

	R-AO	Амбулаторлық офтальмология	2	60	12	42	6	2		Емтихан/
		Отбасылық дәрігердің кешенді тәжірибесі	18	540	108	378	54	18		
	R-ODT NM	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі неврология мәселелері	4	120	24	84	12	4		Емтихан/
	R-ODTP DM	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі психикалық денсаулық мәселелері	4	120	24	84	12	4		Емтихан/
	R-ODTD VM	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі дерматология және венерология мәселелері	2	60	12	42	6	2		Емтихан/
	R-ODTF M	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі физикатрия мәселелері	4	120	24	84	12	4		Емтихан/
	R-ODT OM	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі онкология мәселелері	4	120	24	84	12	4		Емтихан/
	R-ShM	Шұғыл медицина	12	360	72	252	36	12		Емтихан/
	VBSV	Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі ішкі аурулар	28	840	168	588	84	28		
	R-IA	Ішкі аурулар	22	660	132	462	66	22		Емтихан/
	R-EZhA	Ересектердегі жұқпалы аурулар	6	180	36	126	18	6		Емтихан/
		Отбасылық дәрігер тәжірибесіндегі әйел мен баланың денсаулығы	38	1140	228	798	114	38		
	R-ZhRSV	Амбулаториялық акушерлік және гинекология	10	300	60	210	30	10		Емтихан/
	R-AP	Амбулаториялық	20	600	120	420	60	20		Емтихан/



		педиатрия									
	R-BIA	Балалардың инфекциялық аурулары	8	240	48	168	24		8	Емтихан/	
	R-PM	Паллиативтік медицина	2	60	12	42	6		2	Емтихан/	
	Тандау компоненті/		4	120	24	84	12	4			
TK/ /	R-Diet R-ODPTFT	Диетология Отбасылық дәрігер практикасындағы тиімді фармакологиялық терапия	2	60	12	42	6	2		Емтихан/	
	R-TKT R-ODPSD	Түісті клиникалық тәжірибе Отбасылық дәрігер практикасындағы сәуелік диагностика	2	60	12	42	6	2		Емтихан/	
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>			4140	828	2898	414*				
AA	АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ/										
KV	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ/		2	60					2		60
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>		140	4200	828	2898	414	70	70		60